


Тапсырма

1. Суреттегі құбылыстардың атауын тап.



2. Тірек сөздерді орналастыр. Конвекция, жылуөткізгіштік, сәуле шығару, жұтылу

- А. -энергия сұйық немесе газ ағыны арқылы берілетін жылуберілудің бір түрі.
- В. - жылулық қозғалыстың және дене бөлшектерінің өзара әрекеттесуі нәтижесінде энергияның дененің қатты қыздырылған бөлігінен азырақ қыздырылған бөлігіне берілу құбылысы.
- С. – сәуле шығару энергиясының дененің ішкі энергиясына айналу процесі.
- Д. – сәуле энергиясын бөліп шығару, тасымалдау және оның жұтылуы кезінде жүретін денелер арасындағы жылуберілу.

3. Кестені сәйкестендір:

Кинетикалық энергия

$$E_{\text{п}} = mgh$$

Потенциалдық энергия

$$W = E_{\text{п}} + E_{\text{к}}$$

Толық энергия

$$E_{\text{к}} = \frac{mv^2}{2}$$

4. Анықтаманың дұрыс бұрыстығын белгіле. (+\ -)

Термометр грек тілінен аударғанда термо-жылу; метрео- өлшеймін деген мағнаны білдіреді.	
Температураны өлшеуге арналған аспап- амперметр деп аталады.	
Дененің жылулық күйін сипаттайтын физикалық шама- температура деп аталады.	
$T=(t+273)K$	
$t=(T-293)^{\circ}C$	
Дененің ішкі энергиясы U әрпімен белгіленеді.	

5. Тест сұрақтарына жауап бер.

1. Молекулалар мен атомдардың ретсіз қозғалысы-

- А) Жылулық тепе-теңдік
- Б) Броундық қозғалыс
- С) Жылулық қозғалыс

2. Дененің жылулық күйін сипаттайтын физикалық шама –

- А) Температура
- Б) Конвекция
- С) Жылуберілу

3. $30^{\circ}C$ температура мәнін кельвинде жазыңдар:

- А) 243K
- Б) 303K
- С) 203K

4. Денеге берілетуін немесе алынатын жылу мөлшерін есептейтін формула-

- А) $Q=qm$
- Б) $Q= cmt$
- С) Дұрыс жауап жоқ

5. $363K$ температура мәнін Цельский шкаласы бойынша градуста жазыңдар:

- А) $70^{\circ}C$
- Б) $80^{\circ}C$
- С) $90^{\circ}C$

6. Өз көзқарасыңызды білдіріңіз.

Жылуберілудің үш түрінің ортақ қасиеттері және айырмашылығы қандай?